

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Дауларды бейбіт жолмен шешу  
2-бөлім





## Аймақтық ұйымдар

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 52(1)-бабында халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатысты мәселелерді шешу үшін аймақтық шаралар қолдануға арналған ұйымдар мен органдардың болуына ұйым жарғысында ешқандай шектеу жоқтығы жазылған. Бір ғана талап – олардың қызметі БҰҰ-ның мақсаты мен қағидаттарына сай болуы тиіс. БҰҰ-ның мүшелері осындай келісімдер мен ұйымдарға кіріп, жергілікті дауларды Қауіпсіздік Кеңесінің қарауына берместен бұрын бейбіт жолмен шешуге тырысуға тиіс. Ал Қауіпсіздік Кеңесі дауларды осылай бейбіт жолмен шешу құралдарын дамытуға атсалысуы керек. Соған қарамастан, Қауіпсіздік Кеңесі мен Бас Ассамблеяның басымдығы сол күйі қала береді.

Қауіпсіздік Кеңесінің басымдығы БҰҰ Жарғысының 53(1)-бапта айтылады. Бұл бап бойынша «Қауіпсіздік Кеңесі қажет кезде аймақтық келісімдер мен мекемелердің шешімдерін қолдануға құқылы болса да, әдетте аймақтық келісімдер мен аймақтық мекемелер Қауіпсіздік Кеңесінің араласуынсыз өз бетінше шара қолдана алады».

24-бапта «халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін басты жауапкершілік Қауіпсіздік Кеңесіне жүктеледі» деп белгіленген. Ал 103-бапта БҰҰ мүшесінің БҰҰ Жарғысында көрсетілген міндеттері мен басқа халықаралық келісімдерден туындайтын міндеттемелері қарама-қайшы болған кезде БҰҰ Жарғысындағы міндеттеменің күші басым болатыны айтылған. Осылайша аймақтық ұйымдар мен мекемелердің шешіміне сүйенсе де, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі мен Бас Ассамблеясы ұсынған дауды шешу тәсілінің күші басымырақ. Аймақтық құжаттардың нормалары басқа құжаттарда аталған нормалардың тетігін қолдануды шектесе де немесе кедергі болса да, БҰҰ-ның өкілетін шектей алмайды.

Көп жағдайда дауды БҰҰ мен аймақтық ұйым бір мезетте қарайды, бірақ юрисдикцияның ондай бәсекелестігі БҰҰ-ның өкілетіне шек келтіре алмайды. Практикада БҰҰ-ның өзі дауды шешуде аймақтық мекеменің рөлі оңтайлы деп тапса, дауды шешу аймақтық мекемеге жүктеледі. Қазіргі таңда, әртүрлі аймақтық ұйымдар дауды шешудің әртүрлі тетігін қалыптастырған. Енді осы аймақтық ұйымдарға қысқаша шолу жасайық.

## Америка мемлекеттері ұйымы

Америка мемлекеттері ұйымының жарғысы 1948 жылы Боготада қабылданған. 1985 жылы оған бірқатар өзгертулер енгізілді. Жарғыда мүше-мемлекеттер арасындағы халықаралық дауларды Ұйым бейбіт жолмен шешуге тиіс делінген, бірақ бұл норма ұйымға мүше мемлекеттердің БҰҰ Жарғысында көрсетілген құқықтары мен міндеттерін еркін пайдалануға кедергі болмауы тиіс.

1948 жылғы Дауды бейбіт жолмен шешу туралы Америка шартында (немесе оны Богота пактісі дейміз) дауды бейбіт жолмен шешудің тәртібі егжей-тегжейлі түсіндірілген. Олардың қатарында, өткен дәрістерімізде арнайы тоқталған, ізгі қызмет, делдалдық, бітімгершілік тәсілдерінен бастап, Халықаралық соттағы арбитраж бен сот арқылы шешу мүмкіндігі де қарастырылған. Әйтсе де Богота пакті сәтсіз болды. Америка мемлекеттері ұйымы іс жүзінде дауларды бейбіт жолмен шешу үшін 1940 жылы құрылған Бейбітшілік жөніндегі Америка комитетіне жиі жүгінетін. Бұл комитеттің орнына 1970 жылы Дауларды бейбіт жолмен шешу жөніндегі Америкааралық комитет құрылды.

1950 жылдардың соңынан бастап дауларды бейбіт жолмен шешуде айрықша рөлді Америка мемлекеттері ұйымының Тұрақты кеңесі атқарады. Елшілер деңгейіндегі пленарлық отырыс болып табылатын Кеңестің маңызы қазіргі кезде едәуір артып отыр. Кеңестің шегара мәселесіндегі жұмысының бір мысалы ретінде Коста-Рика мен Никарагуа арасындағы 1985 жылғы дауды атауға болады.



## Араб Лигасы

Араб Лигасы 1945 жылы араб мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықты кеңейту үшін құрылған. Дегенмен бұл Лиганың араб мемлекеттері арасындағы дауды бейбіт жолмен шешудегі мүмкіндігі жақсы дамымай, нәтижесінде, негізінен, бітімгершілікке шақыру органы ретінде қалды.

1961 жылы Араб мемлекеттері арасындағы қарулы күштерді Ирак пен Кувейт арасындағы бейбітшілікті сақтап қалу үшін жұмсағаны ғана ерекше оқиға болды. Араб мемлекеттерінің Қауіпсіздік күштері 1976 жылы Ливияға жіберіліп, 1976–1983 жылдар арасында аталған күштерді Араб мемлекеттерінің тепе-теңдікті сақтау күштері алмастырды. Кувейттегі 1990–1991 жылғы дағдарыста да, 2002–2003 жылғы Ливия мен Сирия арасындағы азамат соғысында да, сондай-ақ 2010 жылдың соңында басталған «Араб көктемі» деп аталатын жаппай қозғалыс кезінде де Араб Лигасы қалыптасқан ахуалға мардымды ықпал ете алмады.

## Еуропа

Еуропа кеңесі Дауларды бейбіт жолмен шешу жөніндегі Еуропа конвенциясын 1957 жылы қабылдады. Конвенцияда құқықтық даулар бойынша Халықаралық сотқа жүгінуі керек, бірақ оған дейін бітімгершілік шараларын қолдануға болады деп жазылған. Басқа даулар бойынша, егер тараптар бітімгершіліктің нәтижесіне келіспесе, арбитражға жүгінеді. НАТО-ның, яғни Солтүстік Атлантика әскери одағының ауқымында ізгі қызмет орталықтары жұмыс істейді, сондай-ақ сауал жүргізу, делдалдық, бітімгершілік, арбитраж процедуралары құрылуы мүмкін.

М. Шоу, шындығында, дауларды шешуде НАТО-ның пайдасы бар деген пікір айтады. Оның айтуынша, Британия мен Исландияның арасында ұзаққа созылған «қырғиқабақ соғыс» кезінде екеуін татуластыруға НАТО-ның септігі тиген.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) да дауларды шешу тетігін дамытып отыр. Бұл ұйымның негізгі құжаттарында қатысушы-мемлекеттер өзара дауларды бейбіт құралдардың көмегімен жедел және әділ де адал жолмен шешуге тиіс екені көрсетілген. 1991 жылғы Валлет баяндамасына сәйкес «дауға қатысушы тараптардың қай-қайсысы да дауды шешу тетігін құруды талап етуге құқылы, ал құрылған тетік тараптардың осы дау жөніндегі келіссөздері барысында кеңестер мен түсініктемелер бере алады және фактілерді анықтау мен дауды шешудің басқа да жолдарымен айналыса алады».

1992 жылы Бітімгершілік пен арбитраж туралы конвенцияға қол қойылып, 1993 жылы күшіне енді. Бұл конвенцияға сәйкес Женевада Бітімгершілік пен арбитраж соты құрылды. Бітімгершілікті сол дауға байланысты және конвенцияда аталған тізім бойынша құрылған бітімгершілік комиссиясы жүргізеді. Бітімгершілік комиссиясы дауды бейбіт жолмен шешу жөніндегі ұсыныстар туралы баяндама жасайды, тараптар отыз күн бойы осы ұсыныстарды зерттейді. Егер тараптар ұсынысты қабылдаспаса, баяндама Жоғарғы Кеңес (Жоғарғы лауазымды тұлғалар комитеті) арқылы ЕҚЫҰ Кеңесіне жолданады. Сонымен бірге ЕҚЫҰ мүше-мемлекеттердің келісімімен дауға жол бермеу, қақтығыстың алдын алу, дағдарысты басқару жөніндегі миссиялар жіберуге құқылы. Ондай миссия бұрынғы Македонияға, Югославия Республикасына; Грузияға, Молдоваға, Тәжікстанға, Эстонияға, Украинаға, Шешенстанға жіберілді.

## Халықаралық экономикалық дауларды шешу

Жалпы, жекелеген салалардағы дауларды шешудің де бірнеше тетігі мен тәртібі бар. Біз осы дәрісте мемлекеттер мен мемлекет емес ұйымдардың арасындағы экономикалық және аралас сипаттағы дауларды қарастарамыз. Ондай дауды шешу мәселесі қазіргі кезде аса маңызды, тіпті кейбіреулері бүкіл халықаралық құқыққа ықпал етіп отыр. Мәселен, инвестор мен мемлекеттің арасындағы дауды шешу мәселесі (әдетте ISDS деп аталады) жиілеп келеді.



Бірақ бұл өзі қайшылыққа толы бағыт. Өйткені шетелдік инвестицияны қолдап, қорғау мен мемлекеттің саяси және экономикалық егемендігі арасындағы тепе-теңдікті тауып, одан ауытқымау талабы жоғары тұрады.

Дауды шешудің Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімге сәйкес құрылған тәртібі екіжақты кеңесуден басталады. Егер тараптар екіжақты кеңесу нәтижесінде оң шешімге келе алмаса, онда дауды бітімгершілік жолымен қарай алады. Бітімгершілік тобының құрамына Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің бас директоры тағайындаған сарапшылар кіреді. Бітімгершілік тобы дауды шешу үшін тиісті мәліметтер жинаумен айналысады. Бұл көзқарастың прагматикалық сипаты басым және тараптар арасындағы дауды шешуді мақсат етеді. Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің бұл процесі кейін 1995 жылғы 1 қаңтарда Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) күшіне енгеннен кейін соның процестерінің құрамына енді.

Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы 1994 жылғы Марракеш келісімінің 2-қосымшасында «Дауларды шешудің нормалары мен тәртібін түсіну» деп аталатын арнаулы нормасы бар. Ұйым аясында дауларды шешу органы құрылған. Егер Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше-мемлекет қандай да бір екінші мүше-мемлекет қабылдаған шара оны Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімге немесе басқа да келісімдерге сай көріп отырған тікелей немесе жанама түрдегі пайдасынан айырды деп санаса, онда сол тарапты кеңесуге шақыра алады. Екіжақты кеңесу де дауды шешуге көмектеспесе, тараптар дауды Дүниежүзілік сауда ұйымы Бас директорына жолдау туралы келіседі. Ал ДСҰ Бас директоры ізгі қызмет, бітімгершілік, делдалдық көмегін ұсына алады. Кеңесу дауды шешуге алпыс күннің ішінде септігін тигізбесе, шағым түсіруші мемлекет Дауларды шешуші органға жүгіне алады. Орган үш адамнан тұратын топ құрады. Бұл топ алты ай ішінде дау туралы баяндама жасайды. Баяндама жайында Дауларды шешудің нормалары мен тәртібін түсіну құжатында егжей-тегжейлі жазылған. Топтың баяндамасын дауды шешуші орган алпыс күннің ішінде қарайды. Бірақ бұл кезде дауды шешуші орган баяндаманы қабылдамай тастауы немесе қарсы тарап баяндамаға шағым түсіруі мүмкін. Шағымды қарайтын органды дауларды шешуші орган өзі құрады. Органның құрамына жеті сарапшы кіреді, шағымды тыңдауға бір мезетте үш маманнан артық қатыспайды. Егер отыз күн ішінде тараптар консенсусқа келмесе, дауды шешуші орган шағымды қараушы органның ұсынысын қабылдайды. Сонымен қатар, бүгінде экономикалық дауларды шешудің бірқатар аймақтық механизмі құрылған. Олардың ішіндегі ең жақсы дамығаны – Еуропа Одағы. Оның толық қызмет ететін сот жүйесі, Люксембургте орналасқан. Ал, Солтүстік Америка еркін сауда туралы келісімі (NAFTA) 1992 жылы құрылды. Оған АҚШ, Мексика, Канада мемлекеттері кіреді. Осы мемлекеттер арасында тауарлардың, қызметтің, халық пен инвестицияның еркін айналымы жақсарған және либералдандыруды мақсат тұтқан, дауларды шешу механизмдері құрылған.

Ұйымның негізгі механизмдері туралы келісімге сәйкес, NAFTA-ға мүше мемлекет осы ұйымның жарғы нормаларын бұзып, NAFTA-ға мүше мемлекеттен шыққан инвесторға зиян келтірсе, онда ол өтемеақы талап ете алады. NAFTA-ның аясында құрылған трибуналдар NAFTA шартын да, халықаралық құқықтың басқа нормаларын да қолданады. Трибунал талап-арызды уақытша қамтамасыз ету шараларын қолдана алады және оның шешімі соңғы әрі міндетті болады. Шарттың нормаларына түсініктеме беру жөніндегі мәселелерді Еркін сауда жөніндегі комиссия қарайды және бұл комиссияның берген түсініктемесі міндетті күшке ие болады.

Келісімде дауларды шешуге арналған арнаулы тарау бар. 20-тараудағы дауды шешу туралы нормалар негізінен NAFTA-ның нормаларына түсініктеме беру мен қолдану туралы мемлекетаралық дауларда ғана оның ішінде қаржы қызметін көрсету мәселелеріне қатысты туындаған дауларға қолданылады. Егер дауды белгілі бір уақыт ішінде кеңесу арқылы шешу мүмкін болмаса және Еркін сауда комиссиясы жасаған ізгі қызметтің, делдалдықтың, бітімгершіліктің пайдасы тимесе, тараптар комиссияға бес адамнан тұратын арбитраж топ құру туралы өтініш жолдай алады.

Дүниежүзілік банк (яғни Халықаралық қайта құру және даму банкі мен Халықаралық даму ассоциациясы) 1993 жылы инспекция тобы жүйесін құрды. Ол Дүниежүзілік банк қаржыландыратын жобалар мақсатымыз бен мүддемізге зиянын тигізеді деп ойлайтын жеке тұлғалардың форумы болып есептеледі. Үш адамнан тұратын инспекция тобына жеке адамдардың өтініші түскеннен кейін, алдымен, өтініштегі мәселе топтың құзыретіне кіретін-



кірмейтіні анықталады, өтініш банк басқармасына жолданып, тиісті жауабын күтеді. Топтың алдын ала шолуына банк басқармасынан келген жауапқа берілген тәуелсіз сараптама кіреді. Содан кейін банк басшылығына осы өтініштегі мәселені тексеру туралы ұсыныс жасалады. Егер банк басқармасы тексеру туралы ұсынысты қабылдаса, онда инспекция тобы тексеруді әрі қарай жалғастырады және тексерудің нәтижелерін банктің басшылығы мен басқармасына жолдайды. Одан әрі банк басшылығы алты апта ішінде банк басқармасына инспекция тобынан келіп түскен өтінішке қатысты қандай шара қабылдау қажеттігі туралы ұсыныс жасайды.

## Мемлекетаралық дауларды шешудің міндетті әдістері

Жоғарыда айтқанымыздай, халықаралық құқықта дауларды шешудің құралдары мен механизмдерінің, институттарының сан алуан түрі бар. Бірақ солардың арасында сот органдары айрықша орын алады. Ондай соттар мен трибуналдар мемлекетаралық істерді де, талапкер немесе жауапкер жеке тұлға болған істерді де қарайды және тұрақты немесе уақытша, қандай да бір арнайы іс үшін құрылған болуы мүмкін. Дауды шешу барысында әртүрлі тәсілдер қолданылады. Солардың бірі – сот органдарына жүгіну. У. Дженнингс жазғандай: «Сот процесі тек құқықтағы классикалық мәселелерді шешуге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар аса күрделі мәселелерді шешуде дипломатиялық профилактика құралы бола алады». Сондықтан біздің келесі дәрісіміз Халықаралық сот тақырыбына арналады, ал қазір дәрісіміздің соңында осы тақырыпқа да, келесі тақырыпқа да тікелей қатысы бар арбитраж мәселесін талқылап жіберейік.

## Арбитраж

Арбитраждың жұмыс тәртібі белгілі бір деңгейде дипломатиялық реттеу процесімен дамыды, ол – дамыған халықаралық құқық жүйесіне ұмтылудың көрінісі десек те болады. Арбитраждың қазіргі сипаты 1749 жылы Британия мен АҚШ арасында жасалған Джей шартынан бастау алған. Ол шартта екі мемлекеттің арасындағы құқықтық дауларды шешу үшін аралас сипаттағы комиссия құру қарастырылған болатын. Арбитраж 1872 жылы Британия мен АҚШ арасындағы Alabama Claims ісін оңтайлы шешті. Бұл шешімге сәйкес, Ұлыбританияда жасалған соғыс кемесінің Конфедерацияға келтірген зияны үшін Ұлыбритания тарапы өтемақы төлейтін болды. Осыдан кейін арбитраждың маңызы арта түсті.

Дауларды бейбіт жолмен шешу туралы 1899 жылғы Гаага конвенциясында халықаралық арбитраж туралы бірқатар нормалар бар. Құжаттың 15-бабында «мемлекеттердің арасындағы келіспеушілікті судьялар өз еркімен және құқықтық нормаларға сүйене отырып шешеді» деген анықтамадан арбитраждың мақсатын тануға болады. Бұл норма халықаралық құқықта арбитраждың жалпыға ортақ анықтамасы ретінде бекітілген.

Халықаралық арбитраж – дипломатиялық жолмен шешілмеген дауды шешудің ең тиімді және тараптардың теңдігін сақтайтын әділ тәсіл ретінде мойындалған. Арбитраж туралы келісімге келген тарап арбитраждың шешімін мойындауға міндетті. Сонымен қатар Тұрақты арбитраж соты құрылды. Шындығында, оны сот деуге болмайды, себебі оның құрамына судьялармен қатар, істің тараптары болып отырған мемлекеттер сайлаған арбитрлар кіреді. Арбитр болып «халықаралық құқықтың мамандары, моральдық тұрғыдан жақсы мінездемесі бар, арбитр міндетін атқара алатын» адам сайланады. Арбитражға жүгіну туралы келісімге келген тараптар арбитрларды сайлау құқығына да ие болады. Арбитраж трибуналын құру тетігі осындай қарапайым. Тұрақты арбитраж сотының құрамында халықаралық бюро болады. Ол соттың кеңсесі ретінде қызмет етеді, келіп түскен істі тіркейді. Сондай-ақ бюроның қызметін басқарып-қадағалап отыратын Тұрақты әкімшілік кеңесі бар.

Тұрақты арбитраждық сот екіжақты және көпжақты инвестициялық дауларды да қарайды. Бұл орайда Екі мемлекет арасындағы арбитраждық дауларды шешу туралы қосымша нормалар қабылданды. 2001 жылы Біреуі ғана мемлекет болып табылатын екі тараптың ара-



сындағы арбитраждық дауларды шешу туралы қосымша нормалар, Халықаралық ұйымдар мен мемлекеттердің арасындағы арбитраждың қосымша нормалары, Халықаралық ұйымдар мен жеке тараптар арасындағы арбитраждың қосымша нормалары, Табиғат ресурстары мен (немесе) қоршаған ортаға қатысты арбитраждың қосымша нормалары қабылданды. Мемлекеттер қандай да бір дау бойынша арбитражға жүгінуге міндетті емес. Арбитражға тек екі тараптың келісімімен ғана жүгінеді.

Арбитражда дауды шешудің дипломатиялық тәсілдері мен сот тәсілдерінің элементтері қатар қамтылған. Себебі арбитражды тараптар ерікті түрде, өзара келісе отырып құрады және арбитраждың шешімін орындайды. Мұнда көп нәрсе келіссөзге байланысты. Бір жағынан, арбитраж сот сияқты – ақырғы және міндетті күшке ие шешім қабылдайды, арбитраждар өз шешімдерін тиісті нормаларға негіздеуге тиіс. Келесі тарауда арбитраждың Халықаралық сот органымен ұқсастығы туралы сөз болады. 1920 жылдары Халықаралық тұрақты сот құрылғаннан бері Тұрақты арбитраждық сот қарайтын істердің саны неліктен шұғыл азайып кеткенін сол тараудан түсінеміз.

Арбитраж – өте тиімді тәсіл. Халықаралық соттан айырмашылығы – мұнда техникалық сараптамалар жасау оңайырақ, икемдірек және істі қарау жылдамдығы жоғары. Мемлекеттер арбитраждарды және қолданылатын құқықты өздері таңдайды, арбитраждың жұмыс тәртібін белгілейді. Сонымен бірге іске қатысушы тараптар істі жабық өткізу туралы өтініш білдіре алады. Ал Халықаралық сотта істі қараудың бәрі ашық өткізіледі және жазбаша түрде жарияланып отырады. Дегенмен арбитраждың бүкіл шығынын, оның ішінде істі тіркеу үшін жұмсалатын шығынды өтеу тараптарға жүктеледі. Ал Халықаралық сотта судьялардың еңбекақысы мен тіркеу үшін алынатын алымдарды БҰҰ төлейді.

## Сұрақтар

1. БҰҰ мен аймақтық ұйымдардың дауларды шешу кезіндегі параллельді юрисдикциясы қиындықтар тудыру мүмкін бе? Не себепті?
2. Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімге сәйкес дауларды шешу қалай қарастырылады?
3. Халықаралық арбитраждың ерекшелігі мен артықшылығы неде? Мысал келтіріңіз.

## Әдебиеттер

1. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М., Международное право. Общая и особенная части: Учебник. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. 16-тақырып.
2. ed. L. Boisson de Chazournes, M. Kohen and J. Vinuales, Diplomatic and Judicial Means of Dispute Settlement, Leiden, 2012.
3. ed. D. French, M. Saul and N. White, International Law and Dispute Settlement: New Problems and Techniques, Oxford, 2010.